



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

15.05.2023 № 2 ге

## Тұрақты комиссияның 2023 жылғы 15 мамырдағы қаулысы

**Астана қаласын жылумен жабдықтауды дамыту перспективасы (ЖЭО-3, жылу желілерін дамыту, газ отынымен орамдық қазандықтар салу, газдандыру бағдарламасын іске асыру туралы есеп)**

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) елорданы жылумен жабдықтауды дамыту перспективалары туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Түзетуден кейін жобалық-сметалық құжаттама бойынша ЖЭО-3 құрылысының болжамды құны 158 млрд. теңгені құрайды. Жылу магистралінің құрылысы бойынша құрылыс-монтажтау жұмыстары мердігердің есебінен 2022 жылы басталды, 5,3 км-ден 1,5 км жылу трассасы салынды.

«Тельман» газ қазандығы бойынша жұмыстар басталды. Қазандық жабдықтарын жеткізуге шарт жасалды, жабдықтардың екі партиясы жеткізілді, 2 қазандық агрегат қабылданды. Жобаның қуаты 600 Гкал (700 МВт) құрайды.

2023 жылы «Оңтүстік-Шығыс» газ қазандығының құрылысын аяқтап, жалпы қуаты 422 МВт (350 Гкал) 11 қазандықты іске қосу жоспарлануда.

«Қорғалжың» тас жолы ауданында газ қазандығының құрылысы бойынша жұмыстардың бір бөлігі орындалды. 2023 жылы жалпы қуаты 400 МВт (345 Гкал) болатын 6 қазандықты (алғашқы қосушы кешен) іске қосу жоспарлануда.

Газ тарату желілерінің құрылысы үш кезекке бөлінген. Құрылыс 2019 жылдың қыркүйегінде басталды. 2021 жылы ұзындығы 650 км газ тарату желісімен газдандырудың бірінші кезегінің, сондай-ақ ішінара екінші кезегінің құрылысы аяқталды. Екінші кезегінің қалған бөлігі және үшінші кезегі бойынша жұмыстар республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2022-2024 жылдарға жоспарланған.

Бүгінгі таңда «Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық», «Железнодорожный», «Промышленный», «Оңтүстік-Шығыс» т/а оң жағы, «Оңтүстік-Шығыс» т/а сол жағы, «Күйгенжар», «Мичурино», «Интернациональный» тұрғын алаптарының, сондай-ақ, Потанин-Московская көшелері ауданында, «Нұр-бесік», «Ақбидай», «Қазақ ауыл» шағын аудандарында тұрғындарды газға қосу қамтамасыз етілді.

11 724 абонент газға қолжетімділікпен қамтамасыз етілді (халық саны 200 мыңға жуық адам), оның ішінде 8 132 абонент қосылды. Газға ЖЭО-1, ЖЭО-2, әлеуметтік объектілерді жылумен қамтамасыз ететін 13 дербес қазандық, газоблокты бұйымдар шығаратын 1 зауыт, сондай-ақ көппәтерлі 10 тұрғын үй қосылды. Сондай-ақ, 1,2 ЖЭО-ның 16 қазандығы газға ауыстырылды.

Сонымен қатар, елордада жылу энергиясының тапшылығы байқалады, оның көлемі 300 гигакалориядан асады.

Қалада жылу қуатын ұтымсыз пайдалану жағдайлары орын алуда, энергия үнемдеу технологиялары пайдаланылмайды. Үйлердің жылуын қорғау нормаларын сақтамаған құрылыс салушыларға айыппұл салу тәжірибесі енгізілмеген.

Осыған байланысты елордада энергия үнемдеудің кешенді жоспарын тұрғын үй қорын энергетикалық жаңғырту тұрғысынан қайта қарау, сондай-ақ үйлердің жылуын қорғау нормаларын өзектендіру және құрылыс салушылардың оларды сақтауын бақылауды күшейту қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Елорданы жылумен жабдықтауды дамыту перспективалары туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ:

Астананы жылумен жабдықтауды дамыту бойынша жұмысты жалғастыру;

елордада энергия үнемдеудің кешенді жоспарын тұрғын үй қорын энергетикалық жаңғырту тұрғысынан қайта қарау;

үйлердің жылуын қорғау нормаларын өзектендіру және құрылысшылардың оларды сақтауын бақылауды күшейту;

қаланы жылумен жабдықтау инфрақұрылымын қаржыландырудың жаңа модельдерін (инвесторлар, құрылыс салушылар және өзге де мүдделі тұлғалар есебінен) зерделеу бойынша жұмыс тобын құру;

Астана қаласында жергілікті газ қазандықтарын салуды зерделеу және ол бойынша ұсыныстар беру;

құрылыс салушыларды үй салу кезінде энергия ресурстарын үнемдеу жолдарын пайдалану бойынша ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау;

газдандыру бойынша көрсетілетін қызметтерге әлеуметтік көмек алушының алдын ала ақы төлеуін көздемеу тұрғысынан газдандыру бойынша әлеуметтік көмек көрсету тәртібін қайта қарау;

газдандыру жүргізілгеннен кейін бұзылған абаттандыруды қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

тұрғын алаптарының нөсер кәріздері мен сумен жабдықтау желілерін перспективалық дамыту бойынша ақпарат, қолданыстағы жобалар мен жоспарланған жобалардың тізімін ұсыну;


бюджетті нақтылауға газдандырудан кейін жолдарды қалпына келтіру бойынша бюджет қаражатына қажеттіліктің есебін әзірлеу ұсынылсын.

3. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ-не «Астана-Теплотранзит» АҚ қызметіне аудит жүргізу ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**В. Сергеев**